«6D020500-Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Ильясова Назгул Булгириковнаның «Һибат-ул хақайық» ескерткішінің (XII ғасыр) лингвотекстологиясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми
РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	1.1 Диссертациялық жұмыс төмендегідей ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес жазылған: 1) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы 2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 727 қаулысымен бекітілген «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы; 3) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы I Ұлттық құрылтайы (2022 жылғы 16 маусым).
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	Диссертация ешқандай мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалмаған.

		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	Диссертация қандай да бір мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған.
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертациялық жұмыс тақырыбы тіл ғылымының, оның ішінде түркітану саласының өзекті бағыттарына және мемлекеттік бағдарламалар, ғылымды дамытуға арналған заңдар негізінде жүргізілген. Аталған зерттеу жұмысы Қазақстанда ғылымды дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған басым бағыттарына, оның ішінде «Елдің зияткерлік әлеуеті» бағытына; ҚР ҒЖБМ Тіл саясаты комитетінің «Тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының негізгі бағыттарына сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	XII ғасыр «Ахмет Йүгінекидің «Һибат-ул хақайық» жазба ескерткішінің зерттелуі отандық түркітанушы Б.Сағындықұлының есімімен тығыз байланысты. Ғалымның аталған ескерткішке қатысты көтерген мәселелерін әрі қарай тереңдете зерттеуді мақсат етіп алған диссертанттың ғылыми жұмысының маңыздылығы мынадай: - XII ғасыр «Ахмет Йүгінекидің жазба ескерткіш мәтіндеріне (нұсқаларына) лингвотекстологиялық талдау жасау арқылы араб жазуының графемиологиялық, палеографикалық, орфографилық, фонетикалық,

			грамматикалық, стилистикалық, лексикалық тұрғыдан талдаудың теориялық және практикалық базасын кеңейтеді; ЖОО оқу-әдістемелік кешенін әзірлеуге ғылыми теориялық және практикалық материал бола алады. Осы тұрғыдан алғанда, диссертациялық жұмыс түркітануға елеулі үлес қосатын, орта түркі жазба мұраларын зерттеуде жаңа әдістемелік бағыттарды қалыптастыруға ықпал ететін маңызды ғылыми еңбек болып саналады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Диссертациялық жұмыс өзі жазу қағидаты тұрғысынан **жоғары** деп бағаланды. Зерттеуде аталмыш жазба ескерткіштің Б.Сағындықұлының авторлық нұсқасын басшылыққа ала отырып, өзге түркі ғалымдарының (Р.Арат, Қ. Махмұдов) көшірмелерімен салыстырып, талдайды. Талдау барысында: - дастан идеясының авторына сәйкес дұрыс нұсқасын; - өзгеріске түскен сөздердің не себепті, неліктен, қандай жағдайда көшірмешілер тарапынан өзгертілгенін анықтайды.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	1) Диссертацияның өзектілігі **негізделген,** ішкі бірлік принципі сақталған; Лингвотекстологиялық және лингвостатистикалық талдаулар
		1) негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	

			негізінде орта ғасыр дәуірінде аралас (оғыз-қыпшақ, қарлұқ-ұйғыр) тілде жазылған тілдік бірліктердің фонетикалық, лексикалық, морфологиялық ерекшеліктерін талдау арқылы, қайсы тіл басым қолданылғанын анықтау – зерттеу жұмысының өзектілігін көрсететеді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	1)Диссертация жұмысының ішкі мазмұны диссертация тақырыбын **толығымен айқындайды.** Диссертациялық жұмыстың бірінші тарауы Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» ескерткіш тілінің лингвотекстологиясына арналады. Осы тарауда текстология мен мәтінтанудың айырмашылығы, ескерткіштің А, Ә, Б нұсқалары көшірмелеріндегі лексикалық, фонетикалық, орфографиялық айырмашылықтар және мазмұны бұрмаланған бәйіттер талданған. Зерттеу жұмысының екінші тарауы Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» ескерткішінің А, Ә, Б нұсқаларындағы морфологиялық категориялар қолданысы және статистикалық сипатына арналады. Атап айтқанда, ескерткіш А, Ә, Б нұсқаларындағы зат есім, сын есімнің, сан есім, есімдік, етістік, үстеу және көмекші сөздердің қолданысы зерттелген, статистикасы берілген. Жұмыс соңында ескерткіштің

			А, Ә, Б нұсқаларының көшірмелері мен сыни нұсқасы берілген. Зерттеу жұмысының екі тарауы мен екі қосымшасы диссертация мазмұнына сай құрылған және диссертация тақырыбын айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	1) Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: Зерттеу жұмысының негізгі мақсатына сәйкес нақты **міндеттер** шешілген, атап айтқанда, ескерткіштің А, Ә, Б нұсқаларының көшірмелері өзара салыстырылып, ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқындалған. Лексикалық, фонетикалық және орфографиялық ерекшеліктері сараланып, ескерткіш тілінің сол дәуірде өмір сүрген халықтардың тіліне қатысын анықтауға көмектесетін дауысты және дауыссыз дыбыстардың сәйкестіктері талданған. Қыпшақ, оғыз тілдеріне тән сөздердің өзге (араб, парсы) сөздермен ауыстырылуының негізгі себептері айқындалған. Мазмұны бұрмаланған бәйіттер бастапқы қалпына келтірілген. А, Ә, Б нұсқаларындағы сөз таптарының қолданылу, түрлену жүйесі қарастырылып, статистикалық сипаты анықталған. Диссертанттың зерттеу жұмысының мақсатына сәйкес жасалған әрбір міндеті жұмыстың өн бойында көрініс тауып, ғылыми тұжырымдары мен

			жаңалығынан, әрбір тараушаның соңында жасаған ой-түйінінен, тілдік талдауларынан айқын көрінеді. Ізденушінің алға қойған мақсат-міндеттері диссертацияда шешімін тапқан және сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертацияның 2 тарау, 11 тарауша және 2 Қосымшадан тұратын зерттеу жұмысы бір-бірімен **толық байланысқан**. Диссертанттың зерттеу жұмысында бөлімдер аралығында логикалық және мазмұндық байланыс сақталған. Әр тарау бойынша жасалған теориялық және практикалық зерттеулері мен тарау соңында берілген қорытындыларымен өзара толық байланысқа құрылған.
		1) толық байланысқан;	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) жазба ескерткіштер мәтіндері бойынша жасалған тілдік материалдар негізінде дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. Сыни талдауы да, ізденушінің өзіндік ұстанымы да бар. Атап айтқанда, 1. Жиналған тілдік деректер негізінде отандық және шетелдік ғалымдардың мәтінтану мен текстология терминдеріне қатысты ғылыми тұжырымдарын басшылыққа ала отырып, мәтінтану мен текстологияның зерттеу нысандарын ажыратып көрсетеді (18).
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	

			2. Зерттеу жұмысы жазба ескерткіштің лингвотекстологиясына арналғандықтан, А, Ә, Б нұсқаларындағы орфографиялық, фонетикалық, лексикалық тұрғыдан талдағанда дұрыс немесе бұрыс нұсқасын мысалдармен дәйектеп отырады. Мәселен, орфографиялық айырмашылықтарды талдағанда дұрысы *тұқанди* емес, *бүкенді* дейді, себебі «бір нәрсе бөгет болса, оны түзетуге, қалпына келтіруге болады, ал шаруасы біткен, шаруасы тынған нәрседе үміт жоқ, Мұсылмандар болса, «үмітсіз шайтан ғана болсын, пенде ешқашан құдайдан үмітін үзбесін дейді. Дастан авторы мұсылмандықты үгіттеп отырғандықтан, үмітсіздікті насихаттауы мүмкін емес. Олай болса, Б нұсқасы қолжабасының көшірмешісі орфографиялық қате жіберген (41-42-бб.). 2. Архаизмдер мен қыпшақ сөздеріне қатысты көшірмешілер тарапынан авторлық қолданыққа қаншалықты нұқсан келтіргенін талдап, дәлелдейді (50-55 бб.) 3. Оғыз сөздерін ығыстырған араб және парсы сөздеріне тоқталып, кейбір өлең жолдарындағы оғыз сөздерін кірме сөздермен ауыстырудың (сөз-бәйт, кіші-халайық, түмән-hазар, т.б.) негізі жоқ деп, себебін түсіндіреді (61-67 бб.)

			4. Түркі сөздерін алмастырған бірнеше түркі сөздерін талдап, авторлық нұсқаның көркемдік ерекшелігіне сәйкес келмейтінін дәлелдеп шығады (67-82 бб.) 5. Көшірмешілер тарапынан дастанның идеясына мен мағыналық байланысына нұқсан келген, мазмұны бұрмаланған бәйттерді тауып, себебін анықтайды (83-94 бб.).
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеудегі ғылыми нәтижелер мен ережелер **толығымен жаңа.** Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайық» ескерткіші лингвостекстологиялық және статистикалық аспекті тұрғысынан алғаш рет зерттеліп отыр. Диссертацияда: 1. ескерткіштің А, Ә, Б нұсқалары салыстыра талданып, авторлық қолданысының анықталуы – жаңа (26-49 бб.). 2. ескерткіш тіліндегі қыпшақтық, оғыздық, құрлұқтық элементтер ажыратылып, тарихи деректермен дәлелденген тұжырымы – жаңа (37-49 бб.). 3. ескерткіште оғыз-қыпшақ тілінің лексикасы қарлұқ-ұйғыр тілінің грамматикалық формалары арқылы берілуі, мысалдармен дәлелденуі – жаңа (110-173 бб.). 4. лингвотекстологиялық талдаулар негізінде ескерткіш мазмұнында

			бұрмаланған бәйттердің қалпына келтірілуі – жаңа (49-83 бб.). 5. ескерткіштің жетінші нұсқасы туралы деректері және қазақ тіл білімінде алғаш рет сипатталуы – жаңа (12-26 бб.) 6. ескерткіштің А, Ә, Б нұсқаларыдағы сөз таптарының қолданысына жасаған кешенді зерттеуі және статистикасының берілуі – жаңа (97-168 бб.).
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Зерттеуде алынған қорытындылар **толығымен жаңа.** Зерттеу жұмысындағы қорытындылардың жаңалық деңгейі төмендегідей: **Бірінші тарау қорытындылары:** - Бүгінгі күнде «Һибат-ул хақайық» ескерткішінің жеті нұсқасы белгілі. Олардың ішінде А, Ә, Б нұсқаларының ғылыми құндылығы жоғары. Нұсқаларының көшірілуінде бірізділік жоқ. Ескерткіш нұсқаларының көлемі де, жазуы да әртүрлі. Қазіргі ғылымда ескерткіштің А нұсқасы барынша толық деп танылады. Ал, жетінші нұсқасы қазіргі қазақ тіл білімінде зерттелмеген жаңа нұсқа деген қорытындысы – жаңа; - Дастанда қарлұқ-ұйғыр тілінің грамматикалық ерекшеліктері араласқан оғыз-қыпшақ тілінің лексикасы, басы ашық оғыз-қыпшақ базалық лексикасында жазылған ескерткіш деген қорытындысы – жаңа. **Екінші тарау қорытындылары:**
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			- Ескерткіш тілінде зат есімдер саны – 142; сын есімдер саны – 89; етістік сөздер саны – 211; сан есімдер саны – 9; есімдіктер саны – 29; үстеу сөздер саны – 51; шылау сөздер саны – 22; одағай сөздер саны – 2. Бұл сандық көрсеткіш ескерткіш мәтінінде зат есім, сын есім, етістік категориясы басым екендігі, сан есім, үстей, одағай шылау сөздер саны аз кездесетіні анықталды деген қорытындысы – жаңа. - Түбір сөздерді анықтау қиындық тудырды, себебі түбір сөз деп таныған сөздерімізді өзі түбірге сіңісіп кеткен қосымшалардан жасалған. Қазіргі қазақ тіліндегі форма тудырушы қосымшалар мен ескерткіш тіліндегі қосымшаларды салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтары, олардың тұлғалануы тұрғысынан оғыз-қыпшақ не қарлұқ-ұйғыр тобына жататындығы анықталды деген қорытындысы – жаңа. - Ескерткіш мәтініндегі қолданылған кірме сөздер шамамен: зат есім 186, сын есім 53, сан есім 2, етістік 20, шылау 6, үстеу сөздер саны 5. Статистикалық талдау нәтижесінде ескерткіш тілінде зат есім түркі сөздеріне қарағанда араб сөздері көп жұмсалғандығын, керісінше етістікте араб сөздеріне қарағанда түркі сөздері басым қолданылған деген қорытындысы – жаңа.

			- Диссертанттың ескерткіш мәтініндегі барлық сөзге жасаған лингвостатистикалық талдау қорытындысы (барлық сөздің саны – 829/100%, оның ішінде түркі сөзі – 557/67,19% және араб-парсы сөзі – 272/81% сөзі) – жаңа деп бағалаймыз.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданылатын техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері **толығымен жаңа** және **негізделген.** Зерттеу жұмысының соңында қосымша А және қосымша Б-да Һибат-ул хақайиқ» ескерткішінің А, Ә, Б нұсқаларының фотокөшірмесі, транскрипциясы, аудармасы Қазақ ұлттық корпусын, оның ішінде «Тарихи ішкорпусын» және «Тарихи-поэтикалық ішкорпусын» әзрлеуде мәтіндік база бола алады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Зерттеушінің «Һибат-ул хақайиқ» ескерткішінің оғыз-қыпшақ тілінде жазылған деген негізгі қорытындысы ескерткіштің А, Ә, Б нұсқаларына лингвотекстологиялық және тілдік бірліктерге жасаған лингвостатистикалық зерттеуі ауқымды дәлелдермен негізделгенін айқындайды.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	

		7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	1)Қорғауға шығарылған негізгі ережелер дәлелденген. Атап айтқанда: 1. Түркітанушы ғалымдар Р.Арат пен Қ.Махмұдовтың транскрипциялары және Б.Сағындықұлының авторлық нұсқасына (сыни нұсқа) лингвотекстологиялық және статистикалық талдау жүргізу арқылы «Һибат-ул хақайық» ескерткіші оғыз-қыпшақ тілінің көне формасы деген тұжырымы» – сенімді дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген. 2. «А, Ә, Б нұсқалары көшірмелеріндегі лексикалық, фонетикалық және орфографиялық ерекшеліктерді саралау, ескерткіш тілінің сол дәуірде өмір сүрген халықтардың тіліне қатысын анықтауға дауысты және дауыссыз дыбыстар сәйкестіктерін талдау нәтижесінде оғыз тілі элементтерінің басымдығын көрсетеді» деген тұжырымы – сенімді дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген. 3. «Көне қыпшақ сөздері мен фразеологизмдер ескерткіштің қолжазба нұсқаларынан мақсатты түрде ығыстырылғандығын, бірқатар оғыз сөздері де алмастырылғандығын көрсетеді» деген тұжырымы – сенімді дәлелденген, тривиалды емес, жаңа,

			қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген. 4. Көшірмешілердің көне қыпшақ тілін білмегендіктен яки түсінбегендіктен, бір алуан бәйіттердің идея-мазмұны бұрмаланып, мүлдем өзгертіп жіберген деген тұжырымы – сенімді дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген. 5. «Ескерткіш тіліне морфологиялық аспектіде талдау жүргізудің нәтижесі дастандағы оғыз-қыпшақ тілі лексикасы қарлұқ-ұйғыр тілінің грамматикалық формалары арқылы берілген, дастан қолжазбаларында таза оғыздық-қыпшақтық грамматикалық белгілердің сақталған» деген тұжырымы – сенімді дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген.
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	**Иә,** әдіснаманы таңдауы негізделген және зерттеу барысында деректанулық, семантикалық және компонентті талдау, тарихи-салыстырмалы әдістері мен мәтіндерді қалпына келтіру (сыни мәтін), өңдеу, сұрыптау, аудару, бақылау, сипаттау, жалпылау, топтастыру, жүйелеу тәсілдер кеңінен қолданылған.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	
		2) жоқ.	

		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	**Иә.** Зерттеу нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалану нәтижесінде алынған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	1) **Иә.** Теориялық тұжырымдар, анықталған қатынастар мен заңдылықтар тәжірибелік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Зерттеу материалы ретінде «Һибат-ул хақайық» ескерткішінің түркітанушы ғалымдар Р.Арат пен Қ.Махмұдовтың ескерткіш тіліне жасаған транскрипциялары мен Б.Сағындықұлы жасаған авторлық нұсқасы талданған. Һибат-ул хақайық» ескерткішінің А, Ә, Б нұсқаларындағы 3000-ға жуық тілдік бірлік іріктеліліп алынған. Ізденуші өз зерттеуінің қорытындылары мен нәтижелерін отандық және шетелдік басылымдарда, ғылыми теориялық халықаралық конференция материалдарында 11 мақала жариялаған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған.** Диссертациялық жұмыс жазба ескерткіштің текстологиясы және тіліне арналғандықтан, зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі ретінде көне және

			ортағасырлық қолжазбаларды зерттеу бойынша шетелдік ғалымдардың Г.И.Рамстедт, В.Котвич, Э.Н.Наджип, Е.И.Фазылов, Н.А.Баскаков, Н.Асым, Р.Арат, Қ. Махмұдов, отандық ғалымдардың А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбанов, Б.Сағындықұлы, Ә.Құрышжанов, Ә.Керімов, Ә.Ибатов, Р.Сыздық, М.Сабыр, Б.Р.Құлжанова т.б. еңбектері назарға алынған және сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға **жеткілікті.** Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторларды қоса қанда 134 әдебиет көзі пайдаланылған және барлығына сілтеме жасалған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның теориялық **маңызы бар.** Жұмыста қол жеткізілген нәтижелер мен теориялық тұжырымдар тіл тарихы, тарихи грамматика, тарихи лексикология, лингвотекстология теориясын жаңа мәліметтермен толықтырады.
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	1)Зерттеу жұмысының практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі **жоғары.**
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	1)практикалық ұсыныстар **толығымен жаңа.** Зерттеушінің жазба ескерткішкіштің түрлі нұсқалары
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	

		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	бойынша жасалған талдаулары зерттеудің практикада қолдану мүмкіндігінің жоғары екендігін көрсетеді. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен ғылыми тұжырымдарын жоғары оқу орындарында орта ғасыр жазба ескерткіштерінің тілі, қазақ тілінің тарихи грамматикасын оқытуда қолдануға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы **жоғары.** Жұмыстың тілі, стилі академиялық жазу талаптарын қанағаттандырады. Жұмыста пайдаланылған сөз орамдары, синтаксистік құрылымдар логикалық сабақтастыққа құрылған. Мазмұнның берілуін қамтамасыз ететін лексикалық бірліктер мен грамматикалық формалардың қолданылуы әдеби тіл нормаларына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысы-дербес орындалған, толыққанды ғылыми еңбек. Ізденуші Ильясова Назгулдің зерттеу жұмысы лингвотекстология саласына өз үлесін қосатын еңбек.
11.	Диссертацияға ескертулер		Компьютерде теруде кеткен кейбір техникалық, пунктуациялық қателер кездеседі (9-бетте үш қате).
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу		Докторанттың диссертация мазмұны бойынша жарияланымдарының саны – 11 (он бір). Олардың ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 1 (бір) мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым

	тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		комитеті ұсынатын басылымдар тізбесінде 4 (төрт) мақала, халықаралық конференциялар мен шетелдік журналдарда 6 (алты) мақала жарияланған. Докторанттың мақалалары диссертацияның теориялық негізін құрайтын тарауларымен сәйкес келеді және ғылыми деңгейі жоғары.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«6D020500-Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Ильясова Назгул Бултириковнаның «Һибат-ул хақайық» ескерткішінің (XII ғасыр) лингвотекстологиясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы үшін **Ильясова Назгул Бултириковнаға философия докторы (PhD) дәрежесін беруге ұсынамын.**

Ресми рецензент:
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының Тіл тарихы
және түркология бөлімінің меңгерушісі,
филология ғылымдарының кандидаты **А.А.Сейітбекова**

Персоналды басқару, құжаттамамен қамтамасыз ету және бақылау бөлімі

(аты-жөні)
қолын куәландырамын
«А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты» РМК Персоналды басқару, құжаттамамен қамтамасыз ету және бақылау бөлімі
«17» 02 2025 ж.